ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 26 маусым №4712-24-00-2/1991 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Тленов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының «Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Иманкулов Ильяс Нариманұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1) Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2) Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының «Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны талап қоюы –қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Иманкулов Ильяс Нариманұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Иманкулов Ильяс Нариманұлынан Маңғыстау облысының білім басқармасының «Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны пайдасына 16 176 (он алты мың бір жүз жетпіс алты) теңге тұрақсыздық айыбы және 2331 (екі мың үш жүз отыз бір) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ОРАЗМАҒАНБЕТ ТҰРМАҒАНБЕТҰЛЫ» АТЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ ИНДУСТРИАЛДЫ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ
Кіріс № 03-02/577
«27» 08 2024 жыл.

шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Тленов

Көшірмесі дұрыс

Судья А.Ш.Тленов

Анықтама.Шешім заңды күшіне 12 тамыз 2024 жылы енді.

Судья А.Ш.Тленов